

harsh, rough, hurtful, unkindly, unsympathetic; ugly – beautiful, beautiful, bonny, bonnie, comely, fair, slightly, dishy, exquisite

fine-looking, good-looking, better-looking, handsome, well-favored, well-favoured, glorious, resplendent, splendid, splendiferous, gorgeous, lovely

picturesque, pretty, pretty-pretty, pulchritudinous, ravishing, scenic

stunning. Омонимдер дегеніміз – айтылуы, дыбысталуы бірдей, бірақ түрліше мағына беретін сөздер. Мысалы: well – үстеу, жақсы деген мағынаны білдірсе, енді бірде тура осы сөз – құдық деген нәрсені түсіндіреді; spring – көктем, бұлақ және секіру; button – түйме және тетік; present – және сыйлық; nail – тырнақ және шеге; apple – алма және көз қарашығы тағы басқалары. Сыртқы пішіні жағынан омонимдер екі топқа бөлінеді: омографы (графика, яғни жазылуы жағынан бірдей), омофоны (фонетика, яғни дыбысталуы жағынан бірдей) сөздер.

Омофондар : flour, flower; air, heir (наследник); peace, piece; sale, sail; sell, cell; Омографтар: tear (жұлу, кесу), tear (көз жасы); bow (лук, бант), bow (еңкею).

Омографы – омофоны: bear (1. аю, 2. шыдау, 3. көтеру); fair (1. шыншыл, 2. әдемі, 3. жәрмеңке); row (1. қатар, 2. ескекпен жүзу).

Ағылшын тілі – 21 ғасырдың жаһанды тілдерінің бірі, ағылшын тілі – сонау Шекспир, Джек Лондон, Марк Твендер қолданған әдебиет тілі, мәдениет тілі, қарым-қатынас единицасы. Ағылшын – әлемдік тіл, өзіндік сөздік қоры бар, бай, көркем тіл. Мұндай қасиетті де бекзат тілді аялап, оның лексикасындағы әрбір сөзге жауапкершілікпен қарап, сөздерді тек тиесілі орындарында қолданғанымыз абзал.

Статья посвящена лексическим особенностям современного английского языка.

The given article is devoted to the lexical peculiarities of modern English language.

А. Е. Жүсіпов

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚАЙШЫЛЫҚ ТУЫНДАТУДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ, ГРАММАТИКАЛЫҚ ПРАГМАТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Жалпы кез-келген ғылымда қарама-қайшылық ұғымы кеңінен сипатталынып, ауқымды түрде түсіндіріледі. Аталмыш ұғым туралы ғылыми бастама ежелгі заманда ғылымдардың атасы философия ілімінде өте күрделі категориялар қатарынан орын алған. Сөйтіп ғылымның психология, логика, лингвистика салаларында өзіндік сипатқа ие болды.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің семантикалық парадигмаларын зерттеу барысында қазақ тіл біліміндегі І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы, Ж. Мусин, Ғ. Смағұлова, С. Сәтенова, А. Жұмабекова, А. Ислам, С.Е. Исабеков және т.б. ғалым, зерттеушілерді атауға болады.

«Қарама-қарсылық» және «қайшылық» ұғымдарының мәнін ашуда философияда Аристотель, Гегель, И. Кант, В.И. Горбач, логикада Д.П. Горский, А.Д. Гетманова, психоллингвистикада Қ. Жарықбаев, Ф.Н. Гонобалин, С.Н. Хахиани, А.А. Брудный, Э.И. Родичева, В.А. Маслованың зерттеулеріндегі негізгі тұжырымдарды басшылыққа алуға болады.

Философиялық тұрғыда қарама-қайшылық бірін-бірі жоққа шығару қасиеттерін иеленсе, осы қайшылықтың екі шегі қарама-қарсы құбылыстар болып табылады деп түсіндіріліп жүр.

Салыстыру нәтижесінде философиядағы “қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңының”: (1) ажырамас бірлікте болу; (2) әр қилы ғана емес, сондай-ақ бірін-бірі қарым-қатынаста тұрып бірін-бірі жоққа шығару; (3) бір-біріне өту [3:224] сияқты басты белгілері тілдегі қарсы мәндес ұғымдардың төмендегідей белгілерімен ұштасып жатады:

Психоллингвист ғалымдар тәжірибеде адамның ойлауы негізінде қалыптасқан жауаптары арқылы берілген ұйытқы сөздің түрлі қарама-қарсы жағын айқындаған.

Қарама-қайшылыққа негізделген фразеологизм жаһандық категориясының сәйкессіздігін әлсіз (жұмсақ) қайшылыққа жатқызамыз. Әлем нысанының жаһандық категориясының төрт түрін алып көрсетуге болады. (1) өлі нысандар;

(2) жануарлар; (3) ддамдар; (4) абстарктылық түсінік.

Алғашқысына жататындар: *жынды ақша* – бұл орыстың «бешеные деньги» фразеологизмінің аудармасы екені дау туғызбайды. Жынды ақшаның буына мас болған «жаңа қазақтардың» телпектері теріс айналғанын тарихтың өзі көрсеткен жоқ па?(К). «Өлі үй» - бұл тұрақты тіркестің де көршілес елдің «мертвый дом» тіркесіне балама ретінде алынғанын айта аламыз. Өлі үй емей не, мазардан қай жері артық бұл қу моланың? (ЖА). Бұл жерде дербестеу және анимацияға негізделген қайшылықты көріп отырмыз. Араб тілінде осыған ұқсас тамаша тіркес бар, *дахикати I-'ardu* – «жер күлді», яғни *жер жемісін әкелді* деген мағынада жұмсалған.

Екінші топтағы қарама-қайшылық жануарларға қатысты құрылған. Қазақ тілінде бұл топқа жататын тұрақты тіркестер байқалмады. Орыс тіліндегі «медведь на воеводстве», «заяц во хмелю» тіркестерін алуға болады.

Үшінші топ, *адамға қатысты қайшылықтар*. Бұл қайшылық қимылдау мен қимылдамау (бейанималдану) яғни, заттануға негізделген.

Қимылдау (анимация) - (біздің жағдайда, жануарға айналу) – құйрығын бұтына қысу, бұл тіркес қорқып қашу мағынасында жұмсалады. Ардақтың зәре-құты қалмады, оның үстіне «қорыққанға қос көрінері» бар, құйрығын бұтына қысып қашты дерсің... (А). *Күзгі әтеш* – аузында уызы кеппеген, аузынан ана сүті кетпеген, жас деген мағынада жұмсалған. Бесіктен белі шықпай жатып, мынауың әңгіме соғып әкетіп барады ғой, күзгі әтеш неме!...(А). *Қанаты қырқылды* – салы суға кету, демеушісі, көмек күтер адамы жоқ, дегеніне жете алмау мағынасына жақын мәнде жұмсалатын тіркес. Бала кезімнен бірге өскен Сәуле момын, қой аузынан шөп алмас, ал мен болсам керісінше шаш ал десе бас алатын қыз едім. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан қанатым қырқылды емес пе? (АБ). *Көзсіз өгіз, көзсіз бұқа* – топас, әумесер мағынасында жұмсалады. Бұл тіркес жергілікті қолданыстағы тіркес болуы да мүмкін. Мысал ауызша әңгіме кезінен алынған (мұғалімнің балаларға ұрысқан сәтінен үзінді). Көзсіз өгіздер, бастарында бір грамм ми жоқ, сабақтан қашу деген өнерді қайдан шығардыңдар (ауызша әңгімеден). Парсы тілінде *ba dom-t hod gerdu sekastan* – *құйрығымен грек жаңғағын жару* деген тіркес кездеседі, яғни қуанышында шек жоқ, жерден жеті қоян тапқандай қуану мағынасында жұмсалады.

Қимылдамау (заттану): тас бауыр – Осы қарағыма өзгелердің тас бауыр қатыбас мінезін бере көрме деген еді (М.Ә.). *Тас бүркену* – Тас бүркеніп жатып алдым (О.Б.). *Тас жүрек* – Осы ұзақ жолында Сәрсен ешкімнің үйіне де қонған жоқ. Қонаға келіп түскен үйде таң сібірлегенше әңгімемен отырды да: - Таң салқынымен біраз жерге барып қалса қайтар еді? – деп жолдас-тарына қарады. Қасындағы тас жүрек міз бақпастан отыра берді. (А.Х.). *Тісін қайрау* – Біз сол үшін найманға кектеніп, енді қалай өш аламыз деп тісімізді қайрап жүргеміз (М.Ә.). Парсы тілінде *del dadan va olve gereftan* – *жүрегің беріп, бүйрегің алу* деген фразеологизм бар, оның мағынасы – әңгімешінің ырқына көніп, әңгімеге елтіп кету, аузын ашып, көзін жұмып әңгімені қылп етпестен тыңдау. Жапон тіліндегі мына тұрақты тіркесті де айта кетуге болады, *hidanimaе-ni naru* – *түйреуіш болу*, яғни жұмысын өте нашар орындау деген мағынада жұмсалады. Башқұрт тілінде де осы типтес тіркестер жиі кездеседі: *күзле бүкән – көзді түбір* (ағаштың түбірі), *топас, әңгүдік* деген мағынаны береді, *ауыззы сөйгә әлеу* – *ауызын шегеге ілу*, *ашығу* деген мағынаны береді, ал *бешмәгән бәрәңгә* – *піспеген картон*, басқа сор болу мағынасын беретін фразеологизмдер.

Абстракттылық түсініктер.

Дербестену: уақыт өлтіру – Әншейінде у тілді Жомарт қазір зығырданы қайнаса да, аузын баға қалған. Уақыт өлтіру үшін ана-мынаны шалып қана отыр(Т.Қ.). *Ұяты оянды* – Бірі қырт, бірі дарақы, мақтаншақ, бірі ұр да жық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып атақ алатыны бар-тын. Осы жолы ұяты оянды ма қалай, кім білсін, елден ерек ерте келіп отырғанына жұрт таң қалысты (Т.Қ.). Парсы тілінде *sab-ra sobh rasandan* – *түнді таңға жеткізу*, яғни, уақыт өткізу деген мағынадағы сонымен қатар, *margra be cesm-e hod didan* – *өлімді өз көзімен көру*, яғни, өлім аузында болу, ажал аузынан алып қалу мағынасындағы тіркестер кездеседі.

Материалдану: жеңіл жүріс - Әке қаншама ағынан жарылдым дегенде де әлде бірдеңелерді бүгіп қалған. Әрине ол Сәуленің жеңіл жүрісі туралы әңгімені әлдеқашан естіген (Р.Т.). *Жаны мұрнының ұшына келу* – Жаны мұрнының ұшына келе үш рет ауырды (Ғ.М.). *Жаны көзіне көріну* – Жаны көзіне көрінген Сайран: - Шекер жаным, Шекертай, - деп тәуір-ақ жалынып көрді, бірақ Шекер үн қата қоймады (Ә.Ә.). *Жанын жағаннамға жіберу* – Отырған жерінде мойныңды шілде бұрап алайын ба, қоян жүрек

қорқақ? Кәне сақтанып көрші, жаныңды жаһан-намға жіберейін! – деп тұра ұмтылды (Қ.Ж.). *Жанын көзіне көрсету* – Бақсыбайдың әлгі оқыс қолқасы не? Сонда ұл қылам деді ме, құл қылам деді ме Нұрланымды?... Бес байталдың терін бұлдап жанымды көзіме көрсеткен-ау, ә? (С.С.). *Жанын қоярға жер таппау* – Салқын қораға үйренген Ахметтің ала биесі жанын қоярға жер таппай тұр (Ғ.М.). *Жанын салу* – Мұндай адамды өз жұмысына жанын салады, жақсы көреді деп мақтауға болады, өмірдің өзге тілектерінде жұмысы жоқ деп кінәлауға да болады (Ғ.М.). *Сақалын сату* – Пайдаға кенелемін деп арын сатып, сақалын сатып жүрген ақсақалдарды қайтерсің... (ЖА). Ақымақ баладан сақалын сатқан шал жаман (АӘ). *Зәресі (зәре-құты) зәр түбіне кету* – Түні бойы ұйықтай алған жоқпын, зәрем зәр түбінде (Ғ.М.). *Зәр (зәре) иманы қашу (қалмау)* – Дәу қызыл қасқа өгіз өкіріп, маңдайымен жер сүзіп, айбат шегіп жүр. Қасқыр шапты ма деп Саматтың зәре-иманы қалмады (Б.Т.). *Иманы ұшып кету* – Бір-біріне отты шала лақтырып, адамның иманын ұшырды (І.Ж.). *Үрейі ұшу* – Хаттың сөздерінен үйдегілердің, әсіресе, ояз бен оның әйелінің үрейі ұшты (С.М.). Башқұрт тілінде күнеленде киң тот – жаныңды аш, яғни тосарсың, күткенің сол ма деген мағынадағы, ақыл өлшікәндә урынынды булмаған – ақыл үлестіргенде орнынан табылмаған, яғни аздап жетіспейді деген мағынадағы тіркестер кездеседі.

Жоғарыда аталған жаһандық категориядан басқа пропозиция субъектісі предикатын білдіретін жеке категориялар бар. Осы предикаттың (жеке категорияның) күтілетін предикатпен сәйкессіздігі, нәтижесінде субъектінің семантикалық және прагматикалық сәйкессіздігінен карама-қайшылық туындайды. Оларға жеке-жеке тоқталатын болсақ, төмендегідей:

Сапа мен санның қатынасы. Ағаш артынан орманды көрмей қалу, бір жарым адам, яғни өте аз деген мағынада.

Тұлғаның екіге бөлінуі (екіұштылық) – өзінен өзі қашу, мен мен емеспін;

Неантизация (яғни жойылу, жоғалу) – жейденің жеңіндей, тулақтай /өте аз деген мағынада/.

Эллипсис: табаны жалтырады – Табанымыды жалтыратайын деген ой сап ете түсті (ЕК). *Табан тайдыру* – Ұлықтан сайлау жасай алмайтыны айдан анық еді. Енді бөгелместен табан тайдырып, Семейге қарай жөнелу қажет(М.Ә.). *Табан таймай* – Ерліктің, ептің үлкені бопсаға шыдау екеніне көзіміз жетті.

Жүрек қобалжымай, табан таймай қасқайып тұрып салысуға шыдастық (М.Ә.).

Мағынасыздық: үріп ауызға салғандай – Өзі жоқта кемпірі өліпті... (Дулат) қазір үлкен ұлының қолында. Үріп ауызға салғандай немелері бар. Ендігі алданары – солар [Қ.Ж.]. *Жұтып қоярдай* – Өзге жаяу қалған балалар атты, тайлы балалардың жарысқанын қызық көріп, сондарынан шуласып жүгіргенде, Нұртай жұтып қоярдай уылжыған қызға көзі түсіп біраз тұрды да, үйге кіріп жер бауырлап жатып алды(Ғ.С.). *Желкесінде көзі бар* – Мансап десе, ішкен асын жерге қоятын, біреудің лауазымынан ләззат алып, шоғына жылынып күн көретін осындай желім ауыз, құнарсыз қулар қайдан пайда болды екен? Онысымен қоймай өзінің желкесінде көзі бар дерсің, тегі... (Қ.Ж.). *Ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде* – Мен өзім қазақ қыздарының мектеп бітірген бойда оқуға түсіп, бір мамандық алып шыққанын мақұл көремін. Әйтсе де, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде көресің деген қауесет сөздер де шаршатып бітті(С.Б.).

Уәжді жәнсіздік, қисынсыздық: – көзі шарасынан (ұясынан) шығу – Қара бала қарғып тұрды орнынан, қызарандап үлкен көзі шарасынан шыға жаздады(Ғ.Мұс.). *Бит терісінен биалай тоқу* – Есен аға кешіріңіз, мен сіздің көзіңізге көрінуге бетім шыдамай жолықпастан кеттім. Бәрін кейін толықтай жазармын деп ойлайды. Бит терісінен биалай тоқыған ағасын ренжіткені есіне түсіп өзін қоярға жер таппай басы салбырап келе жатыр... (М.И.). *Аяғы аяғына жұқпау, аяғы-аяғына тимеу, аяғы жерге тимеу* – Мұнда келгелі Еламанның аяғы жерге тимеді (Ә.Н.). *Қашпаған қашардың уызын ішу* – Таяның жүзінде иненің жасуындай да реніш жоқ. Үйдің тарлығы, тұрмыстың нашарлығы – сондайдың бірде-бірі оның қаперіне де кірмейді. Сәкеннің қашпаған қашардың уызын ішкен әңгімесі есіне түсіп сәл күліп алды да, тағы да тәтті ойға шомып кеткен (М.И.). *Уақытынан ерте (жасына жетпей) қартайған* – Өзің жоқта олардан көрген қорлықты, міне, жетпістен асып, сексенге жақындадым, әлі ешкімнен көргем жоқ, - деп зарлайды кәрі би ұзақ жүріп сағындырып келген баласына ... – Жауырды жаба тоқыдым. Іштей қайнадым. Сені көрер күнге жеттім, әйтеуір. Жасына жетпей қартайғандар менің жасыма келсе не халде болады екен... (Ғ.С.). *Қу бастан қуырдақтық ет алады* – Бұл күнде Жігітектің бұрынғы басшылары – Бөжей ғана емес, Байдалы, Түсіп те қайтыс болған. Енді ел сөзіне ие болып,

біркелкі жас буын шығып еді. Олар: Бөжейдің балалары Жабай, Әділ. Сонан соң жаңа пері боп атанған табанды, қырыс Бейсембі. Және қу бастан қуындақтық ет алады дейтін, қансүлік Әбділда болатын (М.Ә.). *Қырықтың қылауынан* – Төргі үйге кіріп шыққан кемпірдің күңіреніп сөйлегені естіліп тұр. Жасаған-ай, оң толғағын бере гөр. Қырықтың қылауынан қалған қарашығым-ай. Ақжолтайым болса екен! – деп, Жәнібектің қасына отыра кетті (Қ.Ж.).

Башқұрт тілінде кездескен тіркестердің ішінен *ауызы көрәк менән тешқан – ауызы күрекпен тесілген*, яғни өсекші мағынасында; *ауыз эсендә бутқа бешеру – аузында ботқа пісірген*, яғни түсініксіз сөйлеу, міңгірлеу деген мағынада, *былтыр үлгән ябалақты быйыл атып алу – былтыр өлген жәпалақты биыл атып алу*, яғни баяғыдан белгілі нәрсе туралы ой қозғау деген мағынадағы фразеологизмдерді мысалға келтіруге болады. Парсы тіліндегі тіркестің мағынасы *dast az pa deraztar bargastan – аяқтан ұзын қолымен оралу*, яғни аузы құрғап қайту, аузын құр шөппен сүртіп қайту дегенді білдіреді. Араб тіліндегі *yamʕi mukabban ʕala wajihī – бетін жауып келе жату*, яғни көрмес түйені көрмес, көз алдындағыны көрмей қалу деген мағынадан хабар береді де, *saqata s-sama u – аспан құлады*, яғни жауын жауып өтті деген мағынан үстейді. Жапон тіліндегі *heso-o-kami – кіндігін тістеу*, санын соғып қалу, өкіну мағынасында колданылады.

Уәжді сәйкессіздік: *Мар қасқа* – Кришан Чандр, Ходжа Ахмед Аббас сияқты үнді әдебиетінің мар қасқалары, бізге белгілі Радж Капур, Болрадх Сахни тәрізді үнді киносының ең жарық жұлдыздары да кеңес еліне келіп жүреді (Т.А.). *Жүрек жалғау* – Әуелі жақын жерден біздің үйден жүрек жалғап алмайсың ба? Жұмысқа сосын бірге шығармыз (Қ.Ж.).

Уәжсіздік (синхрондық): синхрондық уәжсіздік даусыз дұрыс болуы сирек кездесетін диахрондық уәжділіктің болуын меңзейді. Көбінесе шынайы уәж мейлінше ұқсас гипотетикалық уәжбен ауыстырыла салуы да ықтимал. Жапонның *aruba-o uru «май сату»* деген идиомасы қазақтың *«шошқа тағалау»* – Екі күннен бері қайда жүрсің шақыртқанда келмей, демалыстасың ғой, шошқа тағаладың ба? (АТ), немесе *«екі қолы алдына сыймау»* - Екі қолың алдына сыймай бос отырғанша, өнерге үйренсең еттің (Т.А.), фразеологизмдеріне ұқсас. Жапонның осы фразеологизмінің мағынасын түсіндіру үшін мынадай мысал алынған. Әйелдер үйді-үйге жүріп, бай әйелдерге басқа жағатын май сатқан. Бұл жұмысты олар асықпай, саспай,

жүрдім-бардым, әшейін, жолшыбай істеген деген түсінік беріледі.

Сойып қаптап қойғандай – Сойып қаптап қойғандай Шыңғысханның өзінен айнымайтын Жошы деген ұлы бар еді (АҚ). *Күн көру* – Есеннің ойынша, әкесінің арқасында күн көрген Мәлікке келер де, кетер де жоқ, жетер де күш жоқ (Е.Н.). *Тақырға отырғызу, тақыр мұзға отырғызу* – Сен түгіл сельпоны тақырға отырғызып кеткен алаяқ емес пе Сатыпалды [Қ.Ж.]. Башқұрт тілінде *әнә ашаған әт кеуек – ине қылғытқан ит секілді*, өте арық адам туралы айтылатын тіркес, *тәртіһе ерек – ашушаң, өкпелегіш* деген мағына беретін тіркес. Парсы тіліндегі фразеологизмдерге кезек берсек, олар біршама: *ab be ab sodan – су суға айналады*, яғни қайтыс болу дегенді білдіреді; *as-I baraye kas-I roxtan – біреу үшін ботқа даярлау*, біреуге қастандық жасау дегенді білдіреді; *qab-e kas-i-ra ba cub zadan – ойнау үшін асықты ұрлап алу*, біреудің көңілінен шығу деген мағынада жұмсалады; *za –e siyah-e kas-i-ra ba cub zadan – біреудің қарғасын ағашпен ұру*, құпия түрде біреуді аңду деген мағынаны білдіреді; *kolah de sar-e kas-I gozastan – біреудің басына малақай (бас киімді) кигізу*, яғни алдау, арбау, тақырға отырғызып кету мағынасынан хабар беретін тұрақты тіркес. Араб тілінде кездесетін тұрақты тіркестердің ішінен *ʕaduww azraq – көгілдір жау*, ең қатерлі жауы; *ʕajarun qah saḥa – ағаштар айқайлады*, яғни ағаштар өсті деген тіркестерді атап өтуге тұрарлық. Жапон тіліндегі жоғарыда аталған тіркестен басқа екі фразеологизмді келтіре кетуге болады, олар: *abura ga noru – семіру*, яғни қызығушылық таныту, бір жұмысқа құлшына кірісу дегенді білдіреді; екінші тіркестің аудармасы *көз қарашиғын жеу* дегенді білдіреді, *omedama-o kuu*, мағынасы - таяқ жеу, ұрыс есту.

Бейнелі метафоралық аллофрония: *жүрегі жоқ* - Қорықпаймын түсінігі жоқтардан, *Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын* (М.Ш.). *Ит қылу* – Қойдың жылдам баспағанына зығырданы қайнап, Зекен бәрін есіне түсіріп, қасындағыларды ит қылып, боқтық астына алды (Т.А.). *Аяғы ауыр* – Апыр-ай, мына байғұста ес қалмапты ғой. Әйелі Бәтештің аяғы ауыр еді, ұл тапқан ғой шамасы деген ой басымнан зымырап өте шықты (ҚӘ). *Өкше көтеру* – Бір күні апақ-сапақта қасында төрт адамы бар Сарман келіп тоқтады. Зәрезап болған ауыл тұрғындары тығылып, қашқаны қашып, ұйқы-тұйқы болып жатқанын. Өкше көтеріп кеткені қаншама дерсің (Т.А.). Соңғы кездегі ақша айналымына қатысты, әсіресе, көршілес елдің *«грести деньги ло-*

патов» деген тіркесінің баламасы ретінде жұмсалып жүрген тіркес *күректен ақша табу*. - Күректен ақша табу дәмесі зор ағамның қала жаңалап кеткеніне міне аттай алты жыл болып қалыпты... (АҮ). *Артын жалау* – Күн көріс үшін бастықтың артын жалап жүргенін ұмытып кеткен, өзінше бай болып ақшаны әрлі-берлі шашып жүрген Сымайылды жұрт енді ауылға жолатпайды(Ғ.С.).

Ирониялық аллофрония: күте тұр – Әрине, жерден жеті қоян тапқандайсың ғой тегі, күте тұр, қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің... (АА). *Жақсы бопты/болыпты* – Сөз құмар, пәле құмар Байтастар аз ба? Алдап, арбап жора-жолдастарын мұзға отырғызып кеткенін талай рет күлкі ғып айтып жүргенін естігенбіз. *Жақсы бопты* дейміз де қоямыз, баяғы(АА). *Қуанышын/м/да шек жоқ* – Оқымай қалсаң да, бізден сен артықсың. Сенің тырнағыңа да татымаймыз деп қоямыз.... Ал ол «байғұстың» қуанышында шек жоқ (Т.А.). *Жолы болды* – Бұл жігітті не оңға бастап жүр де, не сор түртіп құйрығына қалжуыр байлайын деп жүр. Айтқандай, көп уақыт өткен де жоқ, ақыры – жолы болды – істі болып қамауға алдынды (АА).

Әсірелеу метафоралық аллофрония: көздері жану, алтын, күміс, қорғасын жауын/жаңбыр, *Шық бермес Шығайбай* – Жер еңбексіз, еріншекке шық бермес Шығайбай тәрізді (Ө.Т.). *Сынық ине, сыдырым таспа бермеу* – жақын ағайындары мыңғыраған бай бола тұра, сынық ине, сыдырым таспа бермейді оған (ҚЕ). *Бетінен қан шықпас* – Өмірімде ондай адамды көрсем, көзім шықсын, бетінен ет кесіп алсаң қан шықпайды-ау... (А). *Ине шаншар жер жоқ* – Жаңылған үйі тойға қамдалғалы біраз болып та қалды. Міне, бүгінгі жиында тіпті ине шаншар жер жоқ, абыр-сабыр адам: сарысы, сақалы, мұрты бәрі осында (А). *Үш қайнаса сорпасы қосылмау* – Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Сәбиттің өзі мені туыс қылғысы келіп, соңғы кезде күні-түні үйден шықпайдынды шығарды (Қ.Ж.).

Болымсыздық аллофрония: әйел логикасы, бұл тіркес жалпы тіл біліміне ортақ фразеологизм. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» десе де қазақтың тілдік әлемінде әйел адамның орны айрықша. Білімі мен біліктілігімен әр кез тең түсетін, кейде асып та жатады, оған мысалға Қарашашты, батырлар жарларын келтіре кетуге болады. Дегенмен аллофронияның аты айтып тұрғандай бұл - қоғамда қалыптасып қалған, өмірде кездесетін құбылыс.

Анықтауыштық аллофрония: тәтті су, жынды су, кендір мойын бау/галстук/.

«Қоғам, тіл иесі – халық нақты өмір сырын, шынын тіл арқылы біледі. Ана тілінің тағдырына, өткен-кеткеніне, болашағына немқұрайды қарамайды. Халық жүйесін тауып сөйлеуді мақұл көреді. <...> Сөз мағынасын, сөйлем сазын, қат-қабат еркін, тиянақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халық сұрыптап, өз ой елегінен, өмір талқысынан өткізіп отырады» [2;601]. Ой елегінен өткізілген, сұрыпталған тұрақты тіркестер жаһандық категория сәйкессіздігінен әлсіз қайшылық, субъектінің семантикалық және прагматикалық сәйкессіздігінен соны қарама-қайшылық туындатқан. Бұл тілімізде жиі сирек қолданылуына, өмірлік маңызына, жалпы халықтық сипатына және т.б. қасиет-теріне қарай анықталып шешілуі тиіс күрделі мәселе екенін атап өтпекпіз.

1. Гадамер Г.-Г. Актуальность прекрасного. –М: Искусство, 1991. -368с.

2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.

3. Философиялық сөздік //Құрастырғандар Н.Нұрғалиев, Ғ.Ақманбетов, Ж.Әбділдин. – Алматы, 1996. – 525 б.

В статье раскрывается суть фразеологических противоречий, которая представляет собой языковые противоречия, где встречаются и вторичные противоречия, связанные с неоднозначностью единиц языка.

The article reveals the essence of phraseological enantosemy, which is a linguistic contradiction, where there are secondary contradictions associated with the ambiguity of language units.